№2 (494)
29 ақпан
2024 жыл

# Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді



# Начался прием документов для поступления в HERIOT-WATT UNIVERSITY в Актобе

**Абитуриенты, желающие поступить в престижный британский вуз в нашем городе, прошли тестирование по английскому языку.**

Результаты теста объявят в течение 2-3 недель. Абитуриентам предоставляется возможность пересдать экзамен, если они не наберут пороговый балл.

Экзамен был организован британским вузом Heriot-Watt на базе Zhubanov University при поддержке Министерства науки и высшего образования РК.

На первом этапе поступления приняли участие около 200 абитуриентов из 5 регионов: Атырауской, Западно-Казахстанской, Кызылординской, Павлодарской и Актюбинской областей.

Менеджер академических программ Heriot-Watt University Дэниел Свонсон, который наблюдал за процессом тестирования в Актобе, отметил, что экзамен был организован в соответствии с требованиями.

Филиал Heriot-Watt University, расположенный на базе Zhubanov University, был открыт в прошлом учебном году по поручению Главы государства. Сейчас здесь обучаются около 300 студентов по 3 образовательным программам: «Нефтяная инженерия и энергоменеджмент», «Электроэнергетика» и «Компьютерная инженерия».

Абитуриентов, прошедших первый этап поступления в филиал иностранного вуза, поздравил министр науки и высшего образования Саясат Нурбек.

"В прошлом году Глава государства в рамках своей деловой поездки в Актобе посетил филиал Heriot-Watt University. Его выпускники получат дипломы двух вузов: британского Heriot-Watt University и отечественного Zhubanov University. Без необходимости далеко ехать, получить образование мирового уровня у себя на Родине, стать обладателем диплома передовых учебных заведений развитых стран, прослушать лекции топовых ученых мира — это редкая удача и счастье.

Примечательно, что выпускники филиала имеют возможность в дальнейшем продолжить обучение в филиалах Heriot-Watt University в Малайзии, Объединенных Арабских Эмиратах и в самом вузе в Шотландии", — написал министр на своей странице в Facebook.

**Гульнара Караша**

## Осы санда



Ильхам НАЗАРОВ: ОБУЧАЯ МОЛОДЕЖЬ, Я И САМ УЧУСЬ НОВОМУ 4-стр



ҒЫЛЫМДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР МЕН ҚЫЗДАР 8-9 бб



ПРОФЕССОРЫ HERIOT-WATT UNIVERSITY MALAYSIA ЧИТАЮТ ЛЕКЦИИ 16-стр

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СТУДИЯ ШАРАСЫ МЕРЕЙТОЙҒА АРНАЛДЫ

Zhubanov University физика-математика факультетінің ұйымдастыруымен педагогика ғылымдарының докторы, профессор Әспет Кеңесбекқызы Қағазбаеваның 75 жылдық мерейтойына орай жалпы білім беретін мектептердің, кәсіптік лицейлер мен колледждердің математика мұғалімдерінің қатысуымен «Өмірдің кәсіби сатыларымен жоғары өрлеу» тақырыбында Педагогикалық студиясы өтті.

Педагогикалық студия шарасына Ақтөбе қаласының №8, 35, 125, 66, 23 орта мектептерінің, Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық лицей-интернатының, №3 Алға қазақ орта мектебінің, Шалқар ауданы Қауылжыр ауылдық округі №12 ЖББОМ, Орал қаласындағы Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі мұғалімдері қатысты.

Педагогикалық студияның жұмысы екі кезеңді қамтыды. Сайысқа барлығы 22 мұғалім атсалысып, екінші кезеңде іріктелген 10 қатысушы педагогикалық шеберліктері бойынша жарысқа түсті.

Үздік сабақтар сайысы барысында «Математика» кафедрасының оқытушылары өз тәжірибелерін ортаға салды. Сондай-ақ, Педагогикалық студияда математиканы оқытуда жаңа әдістер мен идеяларды іздеу, оқытушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану аясындағы кәсіби құзіреттіліктерін дамыту мәселелері талқыланды.

Әділқазылар сайысқа қатысушылардың кәсіби шеберліктері мен құзіреттіліктері, оқытушылардың өзіндік оқыту жүйелері, педагогикалық шығармашылықтарының ұтымдылығы мен нәтижелілігі бойынша баға берді. Үздік сабақтар сайысы қатысушыларға сертификат табыстаумен аяқталды.

Педагогикалық студия — пікірлестер ұжымының өзара әрекеті арқылы мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттырудың инновациялық түрлерінің бірі.

Мерейтойы құрметіне аталмыш шара арналған ғалым-педагог Әспет Кеңесбекқызының Қазақстанның білім беру және ғылым саласына




қосқан үлесі жоғары. Ол — 200-ден аса ғылыми, ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемелік еңбектердің авторы, КазССР халықтық білім беру үздігі, Ақпараттандыру халықаралық академиясының академигі.

## ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СТУДИЯ В ЧЕСТЬ ЮБИЛЕЯ

К 75-летию доктора педагогических наук, профессора Аспет Кенесбековны Кагазбаевой физико-математическим факультетом Zhubanov University организована Педагогическая студия.

В Педагогической студии приняли участие учителя средних школ города № 8, 35, 125, 66, 23, специализированного физико-математического лицея-интерната, Алгинской казахской средней школы №3, СШ №12 Кауылжырского сельского округа Шалкарского района, высшего педагогического колледжа имени Ж. Досмухамедова г. Уральска.

Работа Педагогической студии состояла из двух этапов. Всего в конкурсе приняли участие 22 учителя. На второй тур были отобраны 10 участников. Они соревновались в педагогическом мастерстве.

В ходе конкурса "Лучший урок" преподаватели кафедры "Математика" поделились своим опытом. Также в педагогической студии были обсуждены вопросы поиска новых методов и идей в преподавании математики, развития профессиональных компетенций преподавателей в области применения информационно–коммуникационных технологий.

Жюри оценивало профессиональное мастерство и компетентность участников конкурса, собственные системы обучения преподавателей, рациональность и результативность педагогического творчества. В завершении конкурса участникам были вручены сертификаты.

Педагогическая студия — одна из инновационных форм повышения профессионального мастерства учителя через взаимодействие коллектива единомышленников.

Мероприятие было посвящено юбилею ученого-педагога Аспет Кенесбековны, которая внесла большой вклад в образование и науку Казахстана. Она является автором более 200 научных, научно-методических, учебно-методических работ, отличником народного образования КазССР, академиком Международной академии информатизации.

## PEDAGOGICAL STUDIO IN HONOR OF THE ANNIVERSARY

On the occasion of the 75th anniversary of Doctor of Pedagogical Sciences, Professor Aspet Kenesbekovna Kagazbaeva, the Faculty of Physics and Mathematics of Zhubanov University organized a Pedagogical Studio.

The Pedagogical Studio was attended by teachers from secondary schools No. 8, 35, 125, 66, 23, a specialized physics and mathematics lyceum-boarding school, Alga Kazakh secondary school No. 3, secondary school No. 12 of the Kauylzhyr rural district of Shalkar district, the Higher Pedagogical College named after J.Dosmukhamedov, Uralsk.

The work of the Pedagogical Studio consisted of two stages. A total of 22 teachers took part in the competition. 10 participants were selected for the second round. They competed in teaching skills.

During the “Best Lesson” competition, teachers from the “Mathematics” department shared their experiences. Also discussed in the pedagogical studio were the search for new methods and ideas in teaching mathematics, the development of professional competencies of teachers in the field of application of information and communication technologies.

The jury assessed the professional skills and competence of the competition participants, their own teacher training systems, the rationality and effectiveness of pedagogical creativity. At the end of the competition, participants were awarded certificates.

A pedagogical studio is one of the innovative forms of improving the professional skills of a teacher through the interaction of a team of like-minded people.

The event was dedicated to the anniversary of the scientist-teacher Aspet Kenesbekovna, who made a great contribution to education and science in Kazakhstan. She is the author of more than 200 scientific, scientific and methodological, educational and methodological works, an excellent student of public education in the Kazakh SSR, and an academician of the International Academy of Informatization.



# ☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## МЕРЕЙТОЙҒА ТАРТУ

Zhubanov University «Art House» студенттік клубы Ақтөбе қаласының құрылғанына 155 жыл толатын алдағы мерейтойына арнап «Көркейе бер, Ақтөбем» тақырыбында суреттер көрмесін ұйымдастырды. Көрмеге жас қылқалам шеберлерінің 30-шақты туындысы қойылды. Туындыларда қаланың көрікті жерлері мен табиғаты бейнеленген. Сондай-ақ қала дамуына үлес қосқан тұлғалар портреті де бар.

«ArtHouse» студенттік клубының жетекшісі Адэлья Кенжебекова көр-



мені сүйікті қаламыздың мерейтойына тарту ретінде өткізгенін айтып, шара мақсаты Ақтөбе қаласының өзіндік ерекшелігін таныту болғанын білдірді.

Жалпы «ArtHouse» студенттік клубы осындай тақырыптық көрмелерді жиі өткізіп, қоғам үніне үлес қосып отырады. Бұған дейін студенттік клуб «Нәзік жүректер нақышы», «Sol bir beine», «Зорлық-зомбылыққа қарсы күрес», «Әлемді бізбен таны», «Сюреализм, абстракция», «Мың тағзым сізге, дәрігер!» тақырыптарында көрме қойды.

Ақтөбе қаласының тарихы 1869 жылдың 28 мамырында басталған. Бұл күні «Ақ төбе» деп аталған әскери бекіністің негізі қаланған.

1999 жылдың наурызында өзінің «Ақтөбе» деген тарихи атауына ие болған қала советтік кезеңде Актюбинск деп аталды.

1869 жылдың мамырында Хобда мен Елек өзендерінің аралығына флигель-адъютант, граф фон Бог басқарған жасақ жіберілген. Осылай, Лев Баллюзек атындағы өлкенің әскери губернаторы Елек пен Қарғалы өзендерінің қосылысқан жерінде Ақ төбе бекінісін салуды тапсырған. Осы күні қаланың тарихы басталған.

1874 жылы Ақтөбе қаласының аумағында құрылыс салу бас жоспары алғаш рет әзірленген. Бұл құжат бойынша Актюбинск бірнеше аудандарға бөлінген: Оторвановка, Татар слободасы, Құрмыш ауданы. Сонымен бірге, қалада бес тұңғыш көше пайда болған: Георгиевский, Илецкий, Оренбургский, Крепостной, Гарнизонный.

Актюбинск қаласы баяу дамыды. Сонымен бірге, 1891-1892 жылдарында халқының үлкен бөлігі қаладан көшіп кеткен еді. Ал 1893 жылдан бастап қала тұрғындарының саны қайтадан көбейе бастады. 1895 жылы өлкеде 2263 адам қоныстанды.

Қаланың тарихында Ташкент темір жолының салынуы ерекше орын алған. Ол 1902 жылы салынып, Ташкент-Орынбор бағытында қатынаған. Ташкент темір жолы Актюбинск қаласының экономикасына оң өзгерістер әкелген.

Әсіресе, соғыс кезінде қаланың маңызы арта түсті. 101-ұлттық атқыштар бригадасы, 312-атқыштар дивизиясы, 29-миномет полкы және басқа да әскери бөлімдер, бөлімшілер осында жасақталған.

1940-1960 жылдары ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар бой көтерді: Хром қосындылары зауыты, ауылшаруашылық машина жасау саласы, рентген аппаратурасын шығару саласы, сүт және ет комбинаттары, тігін фабрикалары және басқалар.

ССРО кезінде Актюбинск қаласы индустриалды қалаға айналды. 1946 жылдан кейін де Ақтөбе тез дамып, өнеркәсіп және мәдени орталыққа айналды.

Бүгінгі Ақтөбе — өнеркәсібі, кәсіпкерлік және қаржылық құрылымдары, құрылысы, оның ішінде тұрғын үй құрылысы дамыған қала.

## ПОДАРОК НА ЮБИЛЕЙ

Студенческий клуб «Art House» Zhubanov University организовал выставку рисунков на тему «Көркейе бер, Ақтөбем», посвященную 155-летнему юбилею города Актобе. На выставке представлено около 30 работ молодых мастеров кисти. В произведениях изображены достопримечательности и природа города. Есть и портреты личностей, внесших вклад в развитие города.

Руководитель студенческого клуба «ArtHouse» Адэлья Кенжебекова отметила, что выставка была приурочена к юбилею нашего любимого города, отметив, целью мероприятия — показать самобытность Актобе.

Студенческий клуб «ArtHouse» часто проводит такие тематические выставки. До этого студенты выставляли работы на темы «Гравюра изящных людей», «Sol bir beine», «Борьба с насилием», «Познай мир с нами», «Сюреализм, абстракция», «Тысяча поклонов тебе, доктор!».

История города Актобе началась 28 мая 1869 года. В этот день была основана военная крепость под названием «Ак Тобе».

В марте 1999 года город, в советский период именованный Актюбинском, получил историческое название «Актобе».

В мае 1869 года отряд под командованием графа фон Бога, адъютанта флигеля, был отправлен между реками Хобда и Илек. Так, военный губернатор края им. Льва Баллюзека поручил построить крепость Ак-Тобе на месте слияния рек Илек и Каргалы. В этот день началась история города.

В 1874 году на территории города Актобе впервые был разработан Генеральный план застройки. По этому документу Актюбинск разделен на несколько районов: Оторвановка, Татарская слобода, Курмышский район. При этом в городе появились пять улиц: Георгиевская, Илецкая, Оренбургская, Крепостная, Гарнизонная.

Город Актюбинск развивался медленно. Вместе с тем, в 1891-1892 годах большая часть населения уехала из города. А с 1893 года население города снова начало расти. В 1895 году в крае поселилось 2263 человека.

Особое место в истории города занимало строительство Ташкентской железной дороги. Она была построена в 1902 году и курсировала по маршруту Ташкент-Оренбург. Ташкентская железная дорога принесла положительные изменения в экономику города Актюбинска.

Особенно во время войны значение города росло. Здесь сформированы 101-я Национальная стрелковая бригада, 312-я стрелковая дивизия, 29-й минометный полк и другие воинские части.

В 1940-1960-е годы возводились крупные промышленные предприятия: завод хромовых соединений, отрасль сельскохозяйственного машиностроения, производство рентгеновской аппаратуры, молочные и мясокомбинаты, швейные фабрики и другие.

Во времена СССР Актюбинск стал промышленным городом. Даже послевоенные годы Актобе быстро развивался — стал промышленным и культурным центром.

Сегодня Актобе — современный город с развитой промышленностью, предпринимательскими и финансовыми структурами, строительством, в том числе жилищным.

## ANNIVERSARY GIFT

The student club Art House of Zhubanov University organized an exhibition of drawings on the theme "Korkeye ber, Aktobem", dedicated to the 155th anniversary of the city of Aktobe. The exhibition features about 30 works by young brush artists. The works depict the sights and nature of the city. There are also portraits of personalities who contributed to the development of the city.

The head of the ArtHouse student club, Adelya Kenzhebekova, noted that the exhibition was timed to coincide with the anniversary of our beloved city, noting that the purpose of the event was to show the originality of Aktobe.

The student club ArtHouse often holds such thematic exhibitions. Previously, students exhibited works on the topics "Engraving of graceful people", "Sol bir beine", "Fighting violence", "Experience the world with us", "Surealism, abstraction", "A thousand bows to you, doctor!"

The history of the city of Aktobe began on May 28, 1869. On this day, a military fortress called "Ak Tobe" was founded.

In March 1999, the city, called Aktyubinsk during the Soviet period, received the historical name "Aktobe".

In May 1869, a detachment under the command of Count von Bogue, adjutant of the wing, was sent between the Khobda and Ilek rivers. So, the military governor of the region named after. Lev Ballyuzek was commissioned to build the Ak-Tobe fortress at the confluence of the Ilek and Kargaly rivers. On this day the history of the city began.

In 1874, a General Development Plan was first developed on the territory of the city of Aktobe. According to this document, Aktyubinsk is divided into several districts: Otorvanovka, Tatarskaya Sloboda, Kurmyshsky district. At the same time, five streets appeared in the city: Georgievskaya, Iletskaya, Orenburgskaya, Krepostnaya, Garrisonnaya.

The city of Aktyubinsk developed slowly. At the same time, in 1891-1892 most of the population left the city. And since 1893, the city's population began to grow again. In 1895, 2,263 people settled in the region.

The construction of the Tashkent Railway occupied a special place in the history of the city. It was built in 1902 and ran on the route Tashkent -Orenburg. The Tashkent railway has brought positive changes to the economy of the city of Aktobe.

Especially during the war, the city's importance grew. The 101st National Rifle Brigade, 312th Infantry Division, 29th Mortar Regiment and other military units were formed here.

In the 1940-1960s, large industrial enterprises were built: a chrome compounds plant, an agricultural engineering industry, the production of X-ray equipment, dairy and meat processing plants, clothing factories and others.

During the Soviet era, Aktyubinsk became an industrial city. Even in the post-war years, Aktobe developed rapidly — it became an industrial and cultural center.

Today Aktobe is a modern city with developed industry, business and financial structures, construction, including housing.

☑ Academic mobility




**Известный в музыкальных кругах мира азербайджанский ученый Ильхам Назаров провел мастер-класс для студентов Zhubanov University. Иностранный гость в течение двух недель читал лекции студентам специальности «Музыкальное образование» и «Культурно-досуговая работа».**

**Ильхам Назаров — солист Азербайджанского государственного академического театра оперы и балета им. М.Ф.Ахундова, заслуженный артист Азербайджанской Республики, доктор философии по искусствоведению.**

**В ходе мастер-класса для профессорско-преподавательского состава и студентов Ильхам Назаров поделился опытом работы над вокалом: сопрано, меццо-сопрано, контральто, контртенор, баритон, бас. Кроме того, он рассказал об упражнениях для постановки голоса, важности поддержки в искусстве, роли педагога в становлении певца.**

**Первый и единственный контратенор Азербайджана дал эксклюзивное интервью газете «Zhubanov University».**

**Беседу вела Гульнара Караша.**

## Ильхам НАЗАРОВ:

# ОБУЧАЯ МОЛОДЕЖЬ, Я И САМ УЧУСЬ НОВОМУ

**— Ваш визит в Актобе совпал с февральскими буранами. Как ощущения? Ведь для Баку метель не частое явление.**

— Так как график визита был очень плотным, я наблюдал за метелью из окна. Несмотря на мороз, к которому я не совсем привык, снежная буря подарила ощущения свежести и бодрости.

**— Часто бываете в Казахстане. У Вас тут много друзей?**

— Да, часто бываю в Казахстане. В Астане, Алматы, Караганде, Уральске. Даю концерты, навещаю своих друзей, с которыми познакомился во время обучения в Италии, на конкурсах разного масштаба.

**— Слышала, что однажды Вас сравнили с Димашем Кудайбергеном, гордостью Казахстана. Что вы об этом думаете? Вы знаете друг друга?**

— Я не знаком с Димашем. Но раз меня сравнивают со всемирным любимчиком, значит, и я любимец публики. Мне приятно получать такие комплименты. Ведь люди искусства "зависят" от оваций и восторженности зрителей.

Ежегодно я даю 240 концертов, 80% из которых проходят за рубежом — в Италии, Франции, Австрии, Германии, США, России. Со спектаклями и концертами я объездил около 50 стран.

Я спел больше 55 партий. Исполняю музыку в разных жанрах: академический вокал — арии, романсы; национальную и эстрадную музыку; джаз. Один раз удалось даже спеть в стиле рока. И именно признание публики ведёт меня к еще большим достижениям.

**— Вы читаете лекции студентам Zhubanov University, я посетила одно из занятий. Эффект отличный. Было заметно, что Вам нравится не только петь, но и учить как петь. У Вас есть свой личный метод преподавания?**

— Я обожаю свою преподавательскую деятельность. Обучая молодежь, я и сам учусь новому, развиваюсь. В 2017 году свое большое желание передать певческие познания я подтвердил, выиграв в конкурсе «Лучший вокальный педагог до 45 лет» в США.

Моя методика — это открытость. Каждый студент для меня личность. Я стараюсь понять их чувства, внутренние переживания. Не принуждаю учиться, а делаю всё, чтобы мои занятия с нетерпением ждали.

**— Мне интересны ваши годы жизни и работы в Италии, на Родине оперного искусства. Это же счастье.**

— В 2010 году после окончания магистратуры Бакинской Музыкальной Академии я поступил в Accademia D'arte Lyrica Osimo в Италии. Первый год проходил обучение по баритону в классе известного педагога Винченцо де Виво. Спустя год маэстро сказал, что я должен перевестись и петь контртеноровым голосом. Он пригласил экспертов послушать моё пение. Они исследовали мой голос и выяснили, что мой диапазон пять октав.

Дебют в качестве контратенора состоялся там же в Италии в оратории А.Скарлатти «Passione secondo Giovanni» (Тесто, Пилатус). С того времени меня начали приглашать на фестивали и спектакли. Я брал мастер-классы у всемирно известных мастеров вокала Франко Фаджоли, Филлипа Жаруски.

**— Каждая встреча — это опыт. Какая традиция в учебном процессе нашего университета была вам близка?**

— Мне понравилось работать со студентами Zhubanov University. Они потрясающие, такие открытые. Чувствуется их желание учиться. Было легко работать с такой молодёжью.

Благодарю руководство университета за слаженную организацию мастер-класса. Ректор Лаура Карабасова вручила мне «Алғыс хат», отметив мой педагогический талант и уникальность моих занятий и рекомендаций. Спасибо за тёплый приём!






## ҒЫЛЫМ МЕН БИЗНЕСТІ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

Zhubanov University ғылым мен бизнесті интеграциялау мәселесі бойынша мамандандырылған диалог алаңын ұйымдастырды. Іс-шараға Қазақстанның ЖОО мен ҒЗИ ғалымдары Ғылым қоры бизнес-серіктестер клубының мүшелері, кәсіпкерлер және әлеуетті инвесторлар қатысты. Олардың назарына университет ғалымдары өз ғылыми идеялары мен әзірлемелерін ұсынды.

Басқарма мүшесі, Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор Рахым Бекназаров ғылым мен бизнесті интеграциялауға қатысты сұрақтарды талқылаудың екі тарапқа да тиімді екенін атап көрсетті.

Жиынға «Ғылым қоры» АҚ төрағасының орынбасары Әлия Сембаева online қосылып, ғылым саласына мемлекеттен бөлінетін қаржы көлемі жыл сайын артып отырғанын айтып, 2024-2026 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурс жайын түсіндірді.

Ғалымдар мен бизнес өкілдерін конкурсқа белсенді қатысуға шақырды.

«Пакер KZ» ЖСШ ғылыми-өндірістік фирмасының директоры Еркебұлан Туребеков мұндай диалог алаңының өте қажеттігін, бизнес саласы университетпен тығыз байланыста жұмыс жасауы қажет екенін айтып өтті.

— Бизнес саласындағы ғылыми жобалар ұзақ мерзімді жетістікке жеткізеді. Тек қорықпай жұмыс жасау қажет. Біздің мақсатымыз — қоғамға пайда әкелу. Бұл ретте бірі-бірімізге қолдау таныту маңызды, — деді ол.

## ИНТЕГРАЦИЯ НАУКИ И БИЗНЕСА

Zhubanov University организовала специализированную диалоговую площадку по вопросам интеграции науки и бизнеса. В мероприятии приняли участие ученые вузов и НИИ Казахстана, члены клуба бизнес-партнеров Фонда науки, предприниматели и потенциальные инвесторы. Их вниманию ученые университета представили свои научные идеи и разработки.

Член правления, проректор по науке и инновациям Рахим Бекназаров отметил, что обсуждение вопросов, касающихся интеграции науки и бизнеса, выгодно обеим сторонам.

В совещании также приняла online -участие заместитель председателя АО «Фонд науки» Алия Сембаева, которая рассказала, что ежегодно увеличивается объем государственных ассигнований в сферу науки и разъяснила условия конкурса на грантовое финансирование по научным и научно-техническим проектам на 2024-2026 годы.

Ученых и представителей бизнеса пригласили принять активное участие в конкурсе на получение гранта.

Директор научно-производственной фирмы ТОО «Пакер KZ» Еркебулан Туребеков отметил, что такая диалоговая площадка необходима, сфера бизнеса должна тесно сотрудничать с университетом.

«Научные проекты в сфере бизнеса дают долгосрочный успех. Нужно работать без страха. Наша цель — принести пользу обществу. При этом важно поддерживать друг друга», — сказал он.

## INTEGRATION OF SCIENCE AND BUSINESS

Zhubanov University organized a specialized dialogue platform on issues of integration of science and business. The event was attended by scientists from universities and research institutes of Kazakhstan, members of the Science Foundation business partners club, entrepreneurs and potential investors. University scientists presented their scientific ideas and developments to their attention.

Member of the Board, Vice-Rector for Science and Innovation Rakhim Beknazarov noted that discussing issues related to the integration of science and business is beneficial to both parties.

The meeting was also attended online by Deputy Chairman of the «Science Foundation» JSC Aliya Sembaeva, who said that the volume of government allocations in the field of science increases annually and explained the conditions of the competition for grant funding for scientific and scientific-technical projects for 2024-2026.

Scientists and business representatives were invited to take an active part in the grant competition.

Director of the research and production company «Packer KZ» LLP, Erkebulan Turebekov, noted that such a dialogue platform is necessary, the business sector should cooperate closely with the university.

«Research projects in business bring long-term success. You need to work without fear. Our goal is to benefit society. At the same time, it is important to support each other,» he said.

# ☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## АЛҒАШҚЫ ОНДЫҚ ҚАТАРЫНДА

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының жыл сайын өткізетін еліміздің жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын тәуелсіз бағалау рейтингі жарияланды. Рейтинг нәтижесі бойынша Zhubanov University 25 білім беру бағдарламасы алғашқы ондық қатарына енді.

Оның ішінде университеттің бес білім бағдарламасы үздік үштік тобында тұр. Атап айтқанда: «Білім беру психологиясы және менеджменті», «Математика», «Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті», «Химиялық инженерия», «Орыс тілі мен әдебиеті» БББ.

Сонымен қатар үздіктер қатарынан көрінген «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «Физика», «Информатика», «Дизайн» және «Тарих» БББ атауға болады.

Zhubanov University ЖОО-лар арасында Қазақстанның үздік бестігіндегі позициясын соңғы төрт жылдан бері сақтап келеді.

## В ДЕСЯТКЕ ЛУЧШИХ

Опубликован рейтинг независимой оценки образовательных программ вузов, проводимый ежегодно Министерством науки и высшего образования РК совместно с Национальной палатой предпринимателей РК «Атамекен». По результатам рейтинга 25 образовательных программ Zhubanov University вошли в десятку лучших. Среди них пять образовательных программ вуза входят в тройку лидеров. Это «Педагогическая психология и менеджмент», «Математика», «Русский язык и литература в школах с нерусским языком обучения», «Химический инжиниринг», «Русский язык и литература».

Кроме того, в число лучших входят такие образовательные программы, как «Дошкольное обучение и воспитание», «Физика», «Информатика», «Дизайн» и «История».

Zhubanov University четвертый год подряд удерживает лидирующие позиции среди топ-5 высших учебных заведений Казахстана по рейтингу.

## TOP TEN

The rating of independent assessment of educational programs of universities, conducted annually by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan together with the National Chamber of Entrepreneurs of the Republic of Kazakhstan “Atameken”, has been published. According to the ranking results, 25 educational programs of Zhubanov University were included in the top ten. Among them, five educational programs of the university are among the top three. These are «Educational Psychology and Management», «Mathematics», «Russian Language and Literature in Schools with Non-Russian Language of Instruction», «Chemical Engineering», «Russian Language and Literature».

In addition, the best include such educational programs as «Preschool education and upbringing», «Physics», «Informatics», «Design» and «History».

For the fourth year in a row, Zhubanov University holds a leading position among the top 5 higher educational institutions in Kazakhstan according to the rating.



☑ Young scientists



# ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының жанынан Жас ғалымдар кеңесі құрылғаны туралы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек «Бұл біздің отандық ғылымды һәм жас ғалымдарды қолдаудың ең тиімді жолы екені ақиқат. Үмітін үкілеп, елге, ғылымға үлес қосамын деген жас ғалымдар үшін бұл әрине үлкен мүмкіндік болғаны жасырын емес», — деді. Президент тапсырмасы аясында жүзеге асып жатқан осындай бірегей жұмыстар отандық ғылымның қарқынды дамып, осы арқылы іргелі және қолданбалы зерттеулердің аясы кеңейеді. Қазіргі таңда елімізде 22 мыңнан аса ғалым бар. Ғылыми дәрежесі бар ғалымдардың орташа жасы — 57 жас болса, олардың 15 проценті зейнет жасына жеткендер. Сондай-ақ Ғылыми басқару саласы бойынша жас ғалымдардың құқықтарын қорғау үшін алғаш рет ресми түрде омбудсмен лауазымы енгізілді, жас ғалымдардың мәртебесін одан әрі ілгерілету және нығайту миссиясы жүктелген жас ғалымдар кеңесі президиумының мүшесі болып профессор Мүслім Хасенов сайланды. Сонымен қатар кеңес — жетекші жас ғалым сарапшы ретінде тәуелсіз аналитикалық ұсыныстар бере алады. Оған қоса Академияның сараптамалық-талдау қызметіне қатысады, ғылымды кеңінен насихаттау жұмыстарына белсенді араласу, болжамды зерттеулер жүргізу және Ұлттық баяндамаларды дайындауға қатысу мәртебелеріне ие болғаны отандық ғылым үшін үлкен жетістік екені жасырын емес. Өзімнің және министрлік атынан осындай іргелі бастамаға құтты болсын айтып, Ғылым академиясы мен Жас ғалымдар кеңесінің жұмысына сәттілік тер тілеймін! Елдік мүдде жолындағы қадамдарыңыз оң болсын! — деп жазды делінген 24.kz сайтында.

Zhubanov University Басқарма Төрағасы-Ректор, «Білім беру» мамандығы бойынша Ph.D. докторы Лаура Қарабасова Жас ғалымдар кеңесінің Президиум мүшесі болып сайланды. Бұл туралы ол Facebook парақшасында жазды.

— Ғылыми көрсеткіштері бойынша таңдалған 20-дан астам белсенді ғалыммен қатар осы қауымдастықтың Президиум мүшесі атану — мен үшін үлкен жауапкершілік.

Жалпы ғылыми орта мен академияда пікір алмасатын алаңның болуы үлкен маңызға ие.

Сондай ортаны мен 2020 жылы ҚР Ғылым және білім министрлігінің жанынан ашылған Жас ғалымдар кеңесінде таптым. Саланы дамыту жолдарын қарастырып, талдау жүргізіп, жас зерттеушілермен бірлесіп, ғылым мен жоғары білімге қатысты көптеген ұсыныстар бердік. Кейбір ұсынысымызды беделді еуропалық журналда жарияладық. (https://onlinelibrary.wiley.com/doi/pdf/10.1111/ejed.12513)

Солардың басым бөлігі жүзеге асырылып келеді. Ал жаңа кеңестің құрамына жаңа өңірлік тәжірибемен, жоғары білімді трансформациялаудағы практикалық біліммен қосылып отырмын. "Білім және азаматтық қоғам" бағытында жұмыс істеймін. Мұны қоғамдық жұмыс арқылы Жұбанов университетіне ғана емес, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі бірлесіп, ұлттық ғылымның дамуына үлес қосу мүмкіндігі деп қабылдаймын, — деді жас ғалымдар көшбасшысы.

**Г.Қараша**



☑ February 11 — International Day of Women and Girls in Science

# ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВА ҚИЯРЫ

Әлия қиярының ерекшелігі: тек аналық гүлдер арқылы тозаңданады, қоршаған орта факторларына төзімді, өңір климатына бейімді, өнімді және дәмді. Жуырда бұл көкөніс дақылы патенттелді.

Әлия қиярын өндіруші Zhubanov University ғалымдары.

Олар үш жыл бойы отандық қияр тұқымдарын ашық топырақта өсіру жобасымен айналысып келеді.

ЖОО бұған дейін өз ғалымдары арасында арнайы байқау жариялап, жеңімпаздарға грант тағайындаған еді. Оны бағыты бойынша Биология кафедрасының оқытушылары ұтып алып, қиярдың жаңа тұқымын шығару бойынша жүргізіп жатқан зерттеулерін толыққанды зерттеуге мүмкіндік алған еді.



Зерттеудің бастапқы нәтижелері туралы биология ғылымдарының кандидаты Әлия Базарғалиева ғылыми жобаны жүзеге асыру барысында 5 отандық қияр тұқымын далада және жылыжайда кешенді сынақтан өткізгендерін айтады.

— «Қазақ жеміс, көкөніс ғылыми-зерттеу институты» ғалымдарының, селекционерлерінің бірнеше жыл бойы жүргізіп келе жатқан жұмыстарының соңғы кезеңі — экологиялық сынау кезеңінде Ақтөбе облысының климаттық жағдайына мән берілді. Сынақтан өткізген қиярдың «294» деген үлгісі біз патент алып отырған «Әлия Молдағұлова» тұқымын шығаруға негіз болды. Патенттің 50 пайызы жоғарыда аталған «Қазақ жеміс, көкөніс ғылыми-зерттеу институтына» тиесілі. Енді тұқым шаруашылығы жолға қойылуы тиіс. Ол да ұлкен жұмыс, бірнеше жылға созылады, — дейді ғалым.

Ғалымдардың ендігі үлкен мақсаты — тұқымды көбейтіп, өндіріске енгізу. Оған шамамен екі жылдай уақыт керек. Қиярдың жаңа сортын тек Ақтөбе облысында ғана емес, сондай-ақ Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстарының ауа райы жағдайында өсіруге толығымен болады деген пікірде ғалымдар.

Әлия Молдағұлова қиярының дәм татымдық қасиеттері жоғары. Басқа тұқымдармен салыстырғанда дәмдірек. Сондай-ақ, ащылығы жоқ әрі ішінде қуысы болмайды. Жұбановтық ғалымдардың нәтижелі еңбегін облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы да қолдап отыр.

Басқарма ғылыми зерттеуден өткен тұқымды алқаптарға себуге дайын. Жергілікті бағбандар ашық аспан астында және жылыжайларға егіп, нәтижесін көріп жатса, Әлия Молдағұлова қияры тұқымына сұраныс жоғары болады деген сенімде.

Қазір Ақтөбе облысында көкөніс өсіріп отырған 200-ге жуық шаруа қожалығы бар. Олардың 112-і қияр ексе, оның ішінде 30-ы отандық ғалымдар сұрыптап шығарған тұқымды қолданып келеді.

# ӘЙЕЛДЕН АСҚАН ҒАЛЫМ ЖОҚ

11 ақпан — Ғылымдағы әйелдер мен қыздардың халықаралық күні.

Қазақстанда 22 456 ғалым болса, оның 9 691-і әйелдер қауымы.

«Бұл – әлбетте үлкен жетістік, — деген ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек еліміздегі ғылым және жоғары білім саласында аянбай еңбек етіп жүрген барша қыз-келіншектерді шын жүректен құттықтады.

# ҒЫЛЫМД



- Белгілі ақын Шөмішбай Сариевтің:
*Әйелден асқан ғалым жоқ,*
*Әйелдей маржан, жақұт жоқ,* — деген тамаша тіркестері текке айтылмай, бүгінгі мереке иелерінің болмысын шын сипаттап тұрғандай. Ғылымның жұдырықтай жұрнағын ұстаған ғалым әйелдер еліміздегі жоғары оқу орындарында, ғылым институттарында, зерттеу алаңдарында үздіксіз еңбек етіп келеді.

Бұл мереке 2015 жылдан бері БҰҰ Бас Ассамблеясының бекітуімен аталып өтуде. Айшықты мейрамның баршамыз үшін орны бөлек екені ақиқат. Өйткені, нәзік жандылардың адамзат алдындағы жауапкершілігі жоғары. Ұлтты ұшпаққа шығарып, ұрпақ тәрбиелеуде өзіндік қайталанбас қолтаңбасы бар әйелдер қауымына әлем қарыздар десем, артық айтпағаным болар.

Тарихымызға зер салар болсақ, қаншама ғалым әйел-аналар ел тарихына, ұлт мүддесіне қызмет еткенін аңғару қиын емес. Бір ғана мысал, қазақтың тұңғыш әйел дәрігері — Аққағаз Досжанова. Ол 1893 жылы Торғай облысы Ақтөбе уезі Бөрті болысында туған. А.Досжанова оқуын бітірген соң медицина мамандығы бойынша гинекология және педиатрия саласында қызмет еткен.

Сонымен қатар халқымыздан шыққан тұңғыш геолог әйел-ғалым — Патшайым Тәжібаева. П.Тәжібаева геология ғылымының ішіндегі іргелі сала — литологияның негізін қалаған қазақ қызы.

Міне, біздің өткеніміз осындай тұлғалармен жарқын әрі үлгі боларлықтай.

Кешегі Аққағаз, Патшайымдай тұлғалардың ізбасары ретінде Закарья Күнсұлу Дальтонқызын атап өтпеске болмас. К.Дальтонқызы Covid-19 қарсы қазақстандық QazVac вакцинасын жасап шығарып, отандық медицинаға қомақты үлес қосқан ғалым. Оған қоса Күнсұлу ханым жақында ғана әлемнің ТОП ғалымдары қатарына енді.

Бұл ретте В.Г.Фесенков атындағы астрофизика институтының зертхана меңгерушісі Шеста-

# ...дағы әйелдер мен қыздар



кова Любовь Илларионовнаны атап өтудің реті келіп тұр. Любовь Илларионовна — уақыт белдеуінің адам биоритміне әсері туралы зерттеулер жүргізген білікті ғалым.

Міне, достар, біздің өткен тарихымыз бен бүгінгі жасампаз заманымыздың әйел-аналары осындай қабілетке ие болғаны баршамыз үшін зор мақтаныш және бұл ғылымдағы әйелдердің бір легі ғана.

Осынау даталы күнде ғылым және жоғары білім саласында табанды қызмет атқарып жүрген әйелдер мен қыздарымызды бүгінгі мерекемен шын жүректен құттықтаймын!

Батыр да, ғалым да, алып та анадан туады демекші, сіздер алаштың атын асқақтатып, отандық ғылымның дамуы жолында аянбай қызмет етіп келесіздер. Сіздер салған сара жол шыңға шығып, биік белестерді бағындыратынына кәміл сенемін. Ерен еңбектеріңіз еселеніп, толымды табыстарға кенеле бергейсіздер! Мереке құтты болсын!», — деді министр.

## ҒЫЛЫМДАҒЫ АРУЛАР ЫНТАЛАНДЫРУ МЕН ҚОЛДАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Ғылымдағы қыздар мен әйелдердің халықаралық күнінде Zhubanov University ректоры ғылымдағы жеке жолының сырымен бөлісті.

— Жас ғалымдар, «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім бағдарламасының докторанттары Дана Рыспаева мен Анара Уркуноваға ғылыми жетекші болғаныма 3 жылға таяп қалды. Докторантураның 1-курсында алғашқы кездесуде қойған бірінші талабым — оқу кезінде еш жерде жұмыс істемеу болды. Бір стипендия толық жетпесе де, қыздар оған келісті. Осылайша жұмысты бастап кеттік.

Сол кезде гранттық қаржы ұтып алып, қыздарға ғылыми жобамда жұмыс пен жалақы ұсынсам деген мақсат пайда болды. Командамызға шетелдік эдвайзер әрі коллаборатор ретінде гонконгтық мықты ғалым Керри Кеннедиді (H index 21) шақырдым. Қазақстандық мұғалімдердің жаһандық дағдыларына арналған жоба әзірлеп, конкурсқа ұсындық. Сол жобамыз ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі қолдауымен қаржыландырылды. Осылайша докторанттарым салмақты зерттеу жобасында жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болды.

Дана мен Анар Гонконг білім беру мектебіне барып, зерттеу жұмысын ілгерілетіп, шетелдік тәжірибе жинап келді. Осы күзде Жапониядағы ғылыми конференцияда баяндама жасап, алғаш рет халықаралық ғылыми ортада жоба нәтижелерін таныстырды.

Қазіргі қызметім жеке ғылыми ізденістеріме көп уақыт бөлуге мүмкіндік бермейді. Алайда, сенбі — докторанттарыммен кездесетін күн. Кездесуде жоба барысын әрі жоспардың орындалуын талқылаймыз. Олар зерттеу жобасында барлығы 1200 мұғаліммен сөйлесіп, мәлімет жинады. Орта білім жүйесіне жаны ашиды. Өздері бақылаған ситуацияларды халықаралық зерттеулерден мысал келтіре отырып, талдайды.



Қыздарға жетекшілік етудің бір ерекшелігі — докторант міндеттеріне келгенде жалпы жағдайы мен көңіл-күйлерінің жақсы болуына мән беремін. Ғылымнан бөлек, олар — ана, бала тәрбиесі, күнделікті тұрмыс-тіршілігі тағы бар.

Докторантура — ғалым ретінде қалыптасудағы күрделі кезең. Диссертацияны білімділер емес, мінезділер ғана қорғап, докторантураны сәтті аяқтайды. Өйткені докторантура стрессіз әрі жеңіл болады дегенге сенбеймін.

Дана мен Анар — алғашқы докторанттарым. Білгенімді үйрете жүріп, өзім де үйренемін. Өз ғылыми жетекшімнен алғанымды беруге тырысамын.

Ғылыми жетекшім АҚШ-тағы Луизиана университетінің құрметті профессоры, француз қызы, доктор Дениз Ижеа болды. Оның бойынан талапшылдық пен академиялық адалдықтың бұлжымас қағидаттарын көрдім. Академиялық ортадағы репутацияның не екенін түсіндім. Зейнеттік жасқа жеткен профессор Ижеаның жұмыс өнімділігіне, қарқынына таң қалатынмын. Жетекшімнің талапшылдығының арқасында диссертациямды «Full pass»-пен қорғадым, бұл — академиядағы сирек практика.

Докторантурадағы екінші ғылыми жетекшім (coadviser) доктор Бриджет Гудманның (Bridget Goodman) әділдікті ерекше бағалайтынын барша шәкірттері біледі. Профессор Гудман алғаш рет халықаралық ғылыми ортаға қадам басуыма себеп болған мықты ғалым. Оксфорд профессоры Майя Чанкселианидің (Maia Chankseliani) редакторлығымен басылған кітаптың бір тарауын жазуға шақырып, халықаралық ортаға жол ашты. Кейін профессор Гудманнан магистратурада сабақ беруді үйреніп, «Ғылыми зерттеу әдістері» пәнінен Назарбаев Университетінде сабақ бердім.

Маған ғылымға жол ашқан, үйреткен, тәлім берген осындай мықты мамандар болды.

Профессор Гүлмира Сұлтангалиеваның еңбегі мен тәлімін ерекше атап өткім келеді.

Бүгін — ғылымдағы әйелдер мен қыздардың халықаралық күні.

Ұлттық Комиссия төрайымы, ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева өз жазбасында ғылымдағы әйелдерді қолдай отырып, көптеген ғалымдардың еңбектерін медиа платформаларда насихаттауға жағдай жасап отыр.

Қыздар мен әйелдер түрлі гендерлік стереотиптер мен әлеуметтік рөлдеріне байланысты ғылымға аяқ басуы үшін де, ғылымда қалуы үшін де ынталандыру мен қолдауды қажет етеді. Қыздар үшін қай қызметте де үлгі алатын тұлғалардың болуы маңызды. Елімізде үлгі боларлық мықты ғалым қыздар қатары арта берсін.

Жұбановтық әріптестеріме және еліміздегі барша ғалым аруларға шығармашылық шабыт пен күш-жігер тілегім келеді, — деді ректор.

**Дайындаған**
**Гүлнара Дауылбайқызы**

☑ National Day of Press

# Ұлттық



**Бұл мереке Үкімет қаулысымен 2023 жылдан белгіленді. Осыдан 111 жыл бұрын 2 ақпанда Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы секілді ұлт зиялылары бастаған «Қазақ» газетінің бірінші нөмірі шыққан еді. Сондықтан бұл күн ел күнтізбесіне Ұлттық басылымды ерекшелейтін мереке ретінде бекітілді.**

**«Қазақ» газетінде Мұстафа Шоқай, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Халел Досмұхамедов және басқа танымал ұлт зиялылары мақала жазып, жариялады.**

## «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ ЖӘНЕ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫ



**Светлана СМАҒҰЛОВА, тарих ғылымдарының докторы**

XX ғасыр басында қазақтың ұлттық рухын көтерген «Қазақ» газетін зиялы қауым өкілдерінің топ бастаушысы, ұлттың ұлттығын сақтауда бар күшін салған ұлт ұстазы, күрескер ақын, қайраткер Ахмет Байтұрсынұлының империялық биліктің қысаң саясатына қарамастан шығарып, қазақ ұлт интеллигенциясымен бірге өткір мәселелерді көтеріп, қаншама қиыншылық көрсе де, басылымды шашауын шығармай шығарып отыруы ерлік іспеттес.

Ахмет Байтұрсынұлы бес жылдай өмірін осы «Қазаққа» қиды. Газеттің мазмұнды болуына ерекше мән берді. Қазақ халқы үшін сол кездерде құлағы, үні, тілі болып, айналасына ұлт болашағын ойлаған қазақ азаматтарын біріктіре білген «Қазақ» газетін Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың жан жарасына айналған жер, тіл, дін, оқу және тағы басқа мәселелерді көтеретін басылымға айналдырды.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін шығаруға 1913 жылдың 5 қаңтарында Орынбор генерал-губернаторының рұқсатын алды. Газеттің алғашқы нөмірі сол жылы 2 ақпанда Орынбордағы «Кәрімов, Хұсайыновтар баспаханасында» басылып шықты.

Газеттің бір жыл болуына орай жарияланған «2-нші феурал» деген бас мақалада тәуекел деп газет шығаруды бастағанда небәрі 750 сом ғана қаражат болғанын, жабылуға шақ қалғанда жұрт болып жабылып көтермелеп басылымның жабылып қалмауына жәрдем бергенін, одан әрі халық игілігіне қызмет етуге жол ашқандығын айта келе: «Жұрт азаматтарының бір сыпыралары пұл жағынан, бір сыпыралары қаламмен білім жағынан, бір сыпыралары екі жағынан да жәрдем етті» деп, «Қазақ» атынан алғыс білдірген.

Басылымда алғашқы санынан бастап аса маңызды деген қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелері көтеріліп, соның төңірегінде пікірталастар туындаттырып отырды. «Қазақ» алғашқы санында алдағы уақытта «Құрметті оқушылар!» деп аталған мақаласында, біріншіден, оқырмандарын дүниеде болып жатқан істермен, айтылып жатқан сөздермен таныстыруға, екіншіден, басылымға әлеумет басына қызмет еткен білімді, пікірлі көп көсемдері, оқығаны көп ғалым адамдары басшылық жасап тұратындығын, үшіншіден, бұл басылымның халыққа білім таратушы, төртіншіден, халықтың даушысы бола алатындығын сеніммен жеткізді.

Сөйтіп, қазақтың әрбір хәлінен хабар беріп, құлақтандырып отыруды өзінің міндетіне алды. Газеттің не үшін «Қазақ» деп аталуының мәнісін «аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздыңаруақты аты» деп түсіндіре, басылымның ұлт үшін қызмет ететіндігін жеткізе, бірлесе қызмет етуге шақырған еді.

«Қазақ» газетін ұлттық деңгейге көтеріп, ел жанашыры болған, оның тоқтаусыз 1913-1918 жылдар аралығында жарық көруіне, оның тартымды да маңызды болуына қыруар еңбек еткен Ахметтей адамдар дүниеге бір рет қана келері сөзсіз. Ахаң ұйымдастырған «Қазақтың» біз білетін 266 саны жарық көрінті. Алғашқы жылдары «Қазақтың» 44 (1-44) нөмірі, 1914 жылы – 47 (45-92), ал 1915 жылы – 70 (93-163), 1916 жылы – 57 (164-211), 1917 жылы – 69 (212-257), 1918 жылы – 8 (258-266) нөмірі шыққан. Газетке жазылу бағасы бір жылға – 3 сом, жарты жылға – 1 сом 45 тиын, үш айға – 1 сом, жеке сатылуы – 5 тиын болды. Бастапқыда газеттің төрт нөмірі «Қазақ» деген жазумен шықса, бесінші санынан бастап киіз үйдің суреті салынып, оның етегіне «Қазақ» деп айшықталып жазылып, 4 бет көлемінде басылып, аптасына бір рет, 14 түрлі бағдарламамен шығуды көздеді.

Қиын-қыстау уақытта «Қазақтай» басылымды 1913 жылдан бастап 1917 жылдың қыркүйегіне дейін Ахмет Байтұрсынұлы абыроймен атқара білді. «Қазақ» бетінде сыни, өткір мақалаларды жариялағаны үшін оған ақшалай айыппұл салынды. 1928 жылы жазған өмірбаянында Ахмет Байтұрсынұлы: «1913 жылы «Қазақ» газетінің ашылуын ұйымдастырдым, оның редакторы ретінде қызмет атқардым. Аталмыш газетті редакциялап жүргенде бірнеше мәрте әкімшілік жолымен айып тартып, тұтқындалдым, сондай-ақ Қарқаралы станциялық приставының пошта абыройын төгетін мағлұматтарды баспасөзге шығарды деп айыптауына байланысты ісім сотқа берілді. 1917 жылдың соңына дейін редактор болып істедім», — деп жазады. Ахмет Байтұрсынұлының 50 жыл-

# басылым күні



дық мерейтойына орай жарияланған өмірбаяндық очеркінде Міржақып Дулатов оның «Қазақ» газетін шығарудағы ерекше еңбегін бағалай отырып, газет өзінің өмір сүрген жылдары елдегі келеңсіз жәйттерді, парақорлықты, алаяқты айқын сынға алғаны үшін бірнеше рет патша әкімшілігі тарапынан салынған айыппұлды төлеуге мәжбүр болғанын келтірген болатын. Сөйтіп, «Қазақ» патша әкімшілігінің қатаң бақылауына ілігіп, әрбір жарияланған мақалалар жіті тексерілді.

«Қазақтың» халық үшін атқарар ұлттық маңыздылығын көре білген Ахметтің қасында Әлихандай ақылшы, демеушісі, Міржақыптай серігі болды. Ол газеттің шығуына қыруар күш жұмсады. Ахмет Байтұрсынұлымен бірге басылым бетіне сыни мақалаларды батыл түрде жариялап отырды.

«Қазақтың» шығуына оның бастырушысы болған Мұстафа Оразаев көп еңбек сіңірген. Бұхара қаласындағы діни медреседе, Уфадағы «Ғалия» медресесінен білім алған Мұстафа «Қазақ» газетін шығару ісінде ұйымдастырушылардың бірі болса, әкесі Ахмет ишан газетті шығаруға қаржылай көмек көрсетіп, оқу-ағарту ісіне арнап мақала жариялаған. Сөйтіп, газет бірінші санынан 46 санына дейін Мұстафа Оразаевтың қаражатымен шығып тұрса, ал 47 нөмірінен бастап газеттің басылуын «Азамат» серіктігі қолына алған. «Азамат» серіктігінің құрылуының себебін редакторлар Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатов «Қазақтың» 1913 жылы 15 желтоқсандағы 42 санына жарияланған «Алаш азаматтарына» деген мақалаларында газет шығаруда қаражат мәселесінің қиындық туғызып тұрғандығынан, осы серіктікті құрып, соған Алаш азаматтарымен серіктесіп оны шығаруға бет алып отырғандығынан дейді.

Серіктестіктің басты мақсаты «Қазақ» газетін аяғынан нық бастырту болып, оған мүше болып кіретіндер 100 сом жарна төлеуге тиістіленді. Жұрт арасында алыпқашты сөздер туындамас үшін серіктестік жарна төлеудің мәнісін «ақша өсіріп, серіктестерді байыту емес, істеген істің жұртқа пайдалы болуы, ақша жағына сол пайдалы істерді істеуге, күш, қуат болуға қаражат нәрсе мағынасында қарастырылады» деп түсіндіріп, оған кіретін адамдарды жалғыз ақшасымен серіктес болмай, көңілімен, ниетімен серіктес болуға шақырған.

«Қазақтың» жарық көруін қазақ халқы үлкен қуанышпен қарсы алды және қаржылай тапшылық көрген кездерде қол ұштарын беруге әзір болды. Газет қаражатпен көмек бергендерді газетке жариялап, жәрдем бергендері үшін алғыс білдіріп отырды. Жалпы, «Қазақтың» жарық көруіне елдің игі жақсы адамдары мен байлары, оқу орындарында оқыған студенттер мен оқушылары қаржылай көмек көрсеткен.

«Қазақ» газеті — бұл қазақ халқының тұңғыш, төл энциклопедиясы. «Қазақ» бірінші орында ұлт мәселесін көтерді. Ұлттық езгідегі жатқан қазақтың ұйқысынан оянып, алдыңғы қатарлы елге айналуына, білімді, мәдениетті халықтардың қатарына көтеруге, ұлтазаттық қозғалыс идеологиясының қалыптасуына күш салды. Кейіннен кеңестік жүйе тарапынан қатаң сынға ұшырап, «ұлтшылдықты» насихаттаудың бастауы осы органнан бастау алды деген тұжырымға ие болды. Әсіресе, жалған жаламен жазаға ұшыраған қазақ зиялыларын айыптау барысында олардың ұлтшылдықтарын осы газетке жариялаған мақалалары мен осы газетті шығарудағы қызметтерімен дәлелденді.

Газет беттерінен бірінші жаһандық соғыс кезінен бастап, Ресей империясы мен шет мемлекеттер арасында болып жатқан саяси оқиғалары жайында, Балқан соғысы, бірінші империалистік соғыстың басталуы мен оның барысы, Ресей мен Түркия арасындағы қарым-қатынастар, соғыс техникасы мен қару-жарақтар, Қытай елінің өз тәуелсіздігін қорғау үшін күрес барысы және дүниежүзілік империалистік соғыстың Қазақстанға тигізген әсері жөнінде мәлімет ала аласыз.

«Қазақ» 1916 жылғы дүрбелең, бұратана атанған халықтарды тылға қара жұмысқа алу турасындағы патша Жарлығына қатысты туындаған жағдайды, ұлт зиялыларының осы мәселе төңірегіндегі ой-пікірлерді талдауға алған бірден-бір басылым. Тыл жұмысындағы қазақтардың ауыр жағдайын көтеріп, дабыл қаққан да осы «Қазақ» болатын.

«Қазақ» газетінің ұлт демократиялық зиялыларының нағыз басылымына айналуы 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін өрістеді. Төңкеріс барысындағы Ресейдің ішкі саяси жағдайына сараптама берген де, қазаққа жол, жөн сілтеген де, патша үкіметі құлағаннан кейін ұлт зиялыларының органына айналып, елдегі саяси жағдай, демократиялық өзгерістердің жүргізілу барысы жайында мағлұматтар жариялап, Ақпан революциясының нәтижесінде құрылған Уақытша үкіметті қолдауға, Құрылтай жиналысына әзірлік жұмыстарын жүргізуге шақырған да осы басылым.

«Қазақ» газеті — «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің үні болды. Алаш қозғалысының әрбір қадамын айнаға басқандай тізіп, аласапыран тұста адаса бастаған қазаққа бағыт берді. «Алаш» партиясының бағдарламасы, оның саяси қызмет барысы туралы, ұлт зиялыларының идеологиялық-демократиялық ой-пікірлері басылды. Бұл басылымдарда жарияланған материалдардың деректік құндылығын соңғы жылдарда жазылған ғылыми жұмыстар дәлелдеп отыр. «Қазақ» арқылы Алаш тарихына байланысты кем-кетігіміз толықтырылды. Газеттен 1917 жылғы қос төңкеріс тұсындағы қазақ халқының әлеуметтік тұрмыс-тіршілігін, саяси жағдайларды, Алаш қозғалысының мүшелерінің қоғамдық-саяси қызметі туралы тың мәліметтер таба аласыз. Қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық дамуын, оның ішінде ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп пен сауда мәселесі, ел мәдениеті, әдебиеті, тарих мен этнографиясы да басылымға арқау болған.

☑ National Publication Day

# Ұлттық

Қазақ елі газеттің қараңғыда жүрген халықты жарық сәулеге қарай сүйреуін, оған барлық қырғыз-қазақтар қолдау көрсететіндігіне сенім артуын Ахмет толықтай орындады. Ондағы мәліметтер қаншама ғылыми зерттеулерге, еңбектерге арқау болды.

Бұл газет жаңа өріс алған азаттық күрестің ұйытқысы бола білді. Газет айналасына топтасқан зиялы қауым өкілдерінің шыңдалып, саяси күреске шығуына ұлтқа рух берген М.Шоқай, М.Тынышбаев, Р.Мәрсеков, М.Жұмабаев, Х.Ғаббасов, Ғ.Караш, Ж.Жәнібеков, М.Жұмабаев, Х.Болғанбаев, Ж.Ақпаев, Х.Досмұхамедұлы сияқты зиялылары мен қазақтың игі жақсы азаматтары топтасып, жол сілтеуші, дем беруші болды.

«Қазақ» шынайы жалпыұлттық саяси-қоғамдық газет болып, қазақ өміріне қатысты мәселелерге ой жіберіп, ұстанған бағыт-бағдарын үнемі білдіріп отырды. Жалпыұлттық мүдделер үшін қызмет етуге әр уақыт даяр екендігін, ол үшін әлеуметтік күштерді біріктіру арқылы ұлттық бостандық пен тәуелсіздікке жетуге болатындығын насихаттады. Сонымен қатар, басылым саяси-әлеуметтік іс-әрекеттердің ұйымдастырушысы да бола білді.

Елде большевиктік жүйе орнатылғаннан кейін қабылданған әкімшіл-саяси Ережелер мен қаулы-қарарлар өзгерістер әкелгенімен, баспасөз саласы сол қалпында қалып, тек бұрындары шығып отырған газеттер ендігі жерде большевиктік басылымдарға айналып, атауын ғана өзгерткенмен, оның құрамындағы қызметкерлері бұрынғысынша қалыппен жұмыс істеп, қажет деп тапқан материалдарын жариялаумен болды.

«Қазақ» газеті мен оның айналасына топтасқан ұлт зиялылары газет жабылғаннан кейін де өздерінің алға қойған ұлттық мүдделерін басқа баспасөз басылымдарымен де жеткізе білді.«Қазақ» газетінің ұлтшылдық пиғылды ұстанғандығы отызыншы жылдары ұлт зиялыларын баспасөз барысы арқылы қудалауда көрінді. Газет алашордашылардың идеясын кең насихаттаған құралының бірі делініп, оның айналасына топталған ұлт зиялыларына «кеңес өкіметі тұсында кезінде газет арқылы ұстанған бағыттарын одан әрі өрістетіп, жаңа социалистік жүйенің қалыптасуына кедергі жасады» деген негізсіз айыптар тағылды. Сөйтіп, патша үкіметі кезінде сынға алынған, бірнеше айыптар тағылған «Қазақ» газеті кеңестік жүйе тұсында да нағыз ұлтшылдық пиғылды ұстанған басылым ретінде бағаланды.

Сөзімізді түйіндей келе, Ахмет Байтұрсынұлы ұйымдастырып, басшылық жасаған «Қазақ» газеті өзінің беттерінде қоғамдық мәселелерді көтеріп, оның шешімін табуға тырысқандығы, еліміздің ұлттық тәуелсіздігі жолындағы күрес тәсілдерін басылым арқылы көтере білуі XX ғасыр басындағы ірі жемісі дер едік.

**https://qazaq1913.com**

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ҰЛТТЫҚ БАСЫЛЫМ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



*Баршаңызды Ұлттық басылым күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сонау 1913 жылы, дәл осы күні еліміздің баспасөз саласының бастауында тұрған «Қазақ» газетінің алғашқы саны жарық көрді. Халқымыздың біртуар перзенттері — Алаш арыстары шығарған бұл басылым сындарлы сәттерде ұлтты ұйыстыруға айрықша ықпал етті.*

*Сөз бостандығына адалдығынан айнымаған басылымдар әрдайым шынайы ақпараттың және сапалы сараптаманың қайнар көзі болып қала береді. Газет-журналдар замана тынысын дөп басып, мемлекет пен қоғамдағы қордаланған мәселелерді көтереді, түрлі көзқарастағы ой-пікірлерді жарыққа шығарады. Сондай-ақ жалпы адамзатқа ортақ ізгі құндылықтарды дәріптейді.*

*Баспасөз қызметкерлері кәсіби біліктіліктің, отаншылдық пен жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетіп келеді.*

*Біздің басылымдарымыз халықтың бірлігін нығайтуға атсалысып, Әділетті Қазақстанды құру ісіне елеулі үлес қоса береді деп сенемін.*

*Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке және шығармашылық шабыт тілеймін!*



# басылым күні



## ҚР МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРІ АИДА БАЛАЕВАНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАСЫЛЫМ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

*Құрметті достар!*

*Барша әріптестерімді Ұлттық басылым күнімен құттықтаймын! Қазақ баспасөзінің тағылымға толы тарихында бұл күннің маңызы бөлек. Себебі дәл осы күні Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы секілді ұлт зиялыларының есімімен ұштасып жатқан «Қазақ» газетінің алғашқы саны жарық көрді. Сондықтан, өткен жылы Үкімет қаулысымен 2 ақпан — Ұлттық басылым күні болып бекітілуінің өзіндік символдық мәні бар деп білеміз.*

*Ұлт мүддесін қорғауда ұлттық-саяси мінберге айналған «Қазақ» газеті болашаққа деген ұлы мұрат жолында барша халықтың басын біріктірді. Ұлттық бірлік пен ынтымақтың ерен үлгісін көрсетіп, қазақ қоғамының рухани кемелденуіне айрықша ықпал етті.*

*Мемлекет басшысы «Отандық баспасөз еліміздің тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайту жолында елеулі рөл атқарады» деп атап өткеніндей, баспасөз қашан да ұлттың үні, мемлекеттігіміздің тұғыры іспеттті. Мәдениет және ақпарат министрлігі мерзімді басылымдарға ұдайы қолдау көрсетіп келеді.*

*1991 жылы елімізде тек 10 республикалық газет пен журнал жарық көріп, 21 теле және радиоарна эфирге шықса, 2024 жылғы қаңтардағы есеп бойынша Қазақстанда 5 804 БАҚ тіркелген, оның 3 985-і мерзімді баспасөз басылымы, 212-і телеарна, 90-ы радио, 1 222-і ақпараттық агенттіктер және желілік басылымдар.*

*Газет-журналдарға жазылу ісі де оңтайландырылып, «Қазпошта» және Kaspi Bank қосымшалары арқылы онлайн-жазылу жұмыстары жүйеленді.*

*Өткен жылы аймақтардағы мерзімді басылымдарының жұмыс деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылған өңірлік БАҚ форумы биыл да жалғасын табады.*

*Әлемде болып жатқан жаңа трендтерге қарамастан, мерзімді басылымдардың жөні бөлек, маңызы ерекше. Сол себепті, ұлттық медианы дамыту, бәсекеге қабілетті бұқаралық ақпарат құралдарын қалыптастыру, журналистердің мәртебесін арттыру — негізгі мақсаттарымыздың бірі. Алдағы уақытта осы бағытта бәріміз бірлесе жұмыс істей береміз деп ойлаймын.*

*Сондықтан осы салаға қатысы бар барша қызметкерлерді Ұлттық баспасөз күнімен тағы да құттықтаймын! Сіздерге шығармашылық табыс пен сарқылмас шабыт тілеймін!»*

## «ZHUBANOV UNIVERSITY» ГАЗЕТІ — ЖОО-НЫҢ ЖАРҚЫН ЖОБАСЫ

Университеттің құрылтайшылығымен шығатын бұл газет ҚР ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде (қазіргі ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі) 1997 жылдың 12 наурызында тіркелген. Бастамашы болған ЖОО-ның 1995-2013 жж., 2014-2016 жж. Ректоры Кенжеғали Кенжебаев.

Газеттің шыға бастағанына биыл 27 жыл толады. Осы уақыт аралығында бұл басылымның үзілмей шығып тұруы әр жылдарда еңбек еткен бас редакторларының қажырлы еңбегі деп білемін. Маған дейін басылымды басқарған редакторлардың, алғашқы редактор — ҚР Мемлекеттік кеңесші, университет түлегі, 1996 жылы «Тарих және география мұғалімі» мамандығы бойынша тәмамдаған Ерлан Қарин, ақын-жазушы, журналист Амантай Өтегенов, журналист Ұзақбай Қауыс, журналист-ғалым Әмір Оралбай, журналист Ирина Қоспағамбетова сияқты кәсіби мамандар.

Газеттің алғашқы атауы «Ақтөбе университеті». Көлемі 4 бет, А3 форматты газет қағазымен, ақ-қара түспен, айына 2 рет 2018 жылдың аяғына дейін шықты. Әрі қарай университеттің сол économiesздегі ректоры Бауыржан Ердембековтің ұсынысымен газетке ребрендинг жасалып, министрліктен жаңа атау, формат, көлем, мерзім, бағытпен, жаңа статуспен, облыстық басылым болып қайта тіркелді. Газеттің қазіргі атауы ағылшын тілінде «Zhubanov University» деп аталады. Тілі — 3, қазақша, орысша, ағылшынша. А4 форматпен, түрлі-түсті, 16 бет болып, айына 1 рет университеттің «Жұбанов баспасынан» 5000 дана тиражбен басылып шығады, сонымен қатар глянц қағазда басылатын қосымша екі беттік корпоративтік күнтізбесі бар. Толық өзгерген басылым ақпараттық-танымдық бағытпен жұмыс істеп жатқанына 6-шы жылға аяқ басты. Бүгінге дейін басылымның 500-ге жуық нөмері шықты.

Сонымен бірге Facebook әлеуметтік желісінде басылымның 2019 жылдың басынан ашылған жеке парақшасы бар.

Қазақстанның батыс өңірінде жетекші жоғары оқу орны саналатын Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова басылым басшысын кәсіби мерекемен құттықтап, шығармашылық табыс тіледі.

**Гүлнара Қараша**
**Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газетінің бас редакторы**

ZHUBANOV UNIVERSITY

**Құрметті**

*Гүлнар Дауылбайқызы!*

*Сізді Ұлттық басылым күнімен құттықтаймын!*

*Ахмет Байтұрсынұлы «Газет — халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп баспасөз қызметінің маңызы мен қоғамға аса қажеттілігін ерекше айқындап берді. Ақпарат алаңында университетіміздің оң имиджін қалыптастыруда, жедел әрі шынайы ақпарат беруде еңбегіңіз зор.*

*Әр бастамаңызға шығармашылығыңызға сәттілік, еңбегіңізге табыс тілеймін! Жағымды жаңалықтарыңыз көп болсын!*

***Ізгі тілекпен,***
*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма төрағасы-Ректор*
*Лаура Қарабасова*

## ☑ Transformation of the library



# УНИВЕРСИТЕТТІК КІТАПХАНАДАН – ҮЛГІЛІ КІТАПХАНАҒА

Zhubanov University Ақтөбе өңірлік университеті алдында университеттік кітапхананы үлгілік кітапханаға айналдыру бойынша маңызды миссия тұрғаны белгілі. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған «Жоғары оқу орындарының кітапханаларын 2022-2025 жылдарға арналған перспективалық дамыту» жобасына сәйкес Zhubanov University кітапхана трансформациясы жобасына бірқатар өзгерістер енгізуді ұсынды.

Атап айтқанда, визуалды компонент, мысалы:

— ыңғайлы ашық залдар;

— ақпараттық-коммуникациялық кеңістіктер;

— жаңа сөрелер, үстелдер (компьютер және оқу кабинеті), орындықтар, компьютерлік орындықтар, пуфтар мен банкеттер және т.б. жиһаздар жаңартылды. Сонымен қатар:

— кітапханаларда іс-шара ұйымдастыру кезінде бюрократиялық мәселелерді азайтатын бизнес-процестерді автоматтандыру бағдарламасы және іс-шаралардың онлайн күнтізбесі;

— смартфон қосымшасы арқылы кітапханадағы оқиғалардан хабардар болуға мүмкіндік беру арқылы бюджет қаражатын үнемдейтін (жылына 2 миллион теңгеден астам үнемдейді) онлайн кітапхана карталары;

— кітапханаларды тәулік бойы ашуға мүмкіндік беретін RFID технологияларын қамтамасыз ету процесі басталды.

RFID технологияларының маңыздылығы мен тиімділігі төменде көрсетілген шаралардан көрініс тапты:

— Zhubanov University кітапханасы 2023 жылға дейін еліміздегі 100-ге жуық университет кітапханалары секілді оқырмандарды кіріп-шығу есеп кітапшасы арқылы тіркеп, статистикалық көрсеткіштерді жүргізіп келді. Өткен жылдың желтоқсан айынан бастап университеттің 2 бірдей оқу ғимаратында орналасқан кітапханаларды автоматтандыру процесі басталды. Бөлінген қаражатты оптимизациялау арқылы 2 ғимаратқа бірдей есеп жүргізу қақпасы мен кітапханашы станциясы орнатылды. 3 оқу залы жаңа жиһаздармен жабдықталды.

Есеп жүргізу қақпасы мен кітапханашы станциясы орнатылғаннан кейін 1 ай уақыт ішінде (қысқы демалысты есептемегенде) бас ғимарат кітапханасы 10 мыңнан астам, ал тарих факультетіне 2 мыңнан астам кіріс тіркелген.

Алдағы уақытта университет кітапханаларында оқырмандарға арналған жайлы кеңістіктер мен арнайы орындар ұйымдастыру жоспарланып отыр.

# ОТ УНИВЕРСИТЕТСКОЙ БИБЛИОТЕКИ К ОБРАЗЦОВОЙ БИБЛИОТЕКЕ

Как известно, перед Zhubanov University стоит важная миссия по преобразованию университетской библиотеки в образцовую библиотеку.

В соответствии с проектом «Перспективное развитие библиотек высших учебных заведений на 2022-2025 годы», предложенным Министерством науки и высшего образования РК, Zhubanov University предложил внести ряд изменений в проект трансформации библиотек. В первую очередь, это визуальная составляющая:



— удобные открытые залы;

— информационно-коммуникационные пространства;

— обновление мебели: новые полки, столы в компьютерном и учебном кабинетах, стулья, компьютерные кресла, пуфы и банкетки;

— внедрение программы по автоматизации бизнес-процессов и онлайн-календаря мероприятий, сводящих к минимуму бюрократические проблемы при организации мероприятий в библиотеках;

— читательские билеты, которые позволяют экономить бюджетные средства (экономия более 2 миллионов тенге в год) с функцией информирования о мероприятиях, проводимых в библиотеке, через приложение для смартфона;

— начат процесс внедрения RFID-технологий, позволяющих библиотекам функционировать круглосуточно.

Важность и эффективность технологий RFID отражены в принятых мерах. В частности, библиотека Zhubanov University до 2023 года, как и около 100 университетских библиотек страны, вела картотеку, где регистрировались выдача и возврат книг. С декабря прошлого года начался процесс автоматизации библиотек, расположенных в 2-х учебных корпусах университета. Путем оптимизации выделенных средств, в двух корпусах зданий были установлены 2 библиотечных поста. Три читательских зала были оборудованы новой мебелью.

После введения станции учета, по данным учётной программы, за один месяц (не считая зимних каникул) в библиотеке главного корпуса было насчитано больше 10 000 пользователей, а на историческом факультете более 2000.

В дальнейшем в библиотеках университета планируется организовать комфортные пространства и специальные места для читателей.

# FROM UNIVERSITY LIBRARY TO MODEL LIBRARY

As you know, Zhubanov University has an important mission to transform the university library





into an exemplary library. In accordance with the project “Perspective development of libraries of higher educational institutions for 2022-2025”, proposed by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Zhubanov University proposed to make a number of changes to the library transformation project. First of all, this is the visual component:

— comfortable open rooms;

— information and communication spaces;

— updating furniture: new shelves, tables in computer and study rooms, chairs, computer chairs, poufs and banquettes;

— implementation of a program to automate business processes and an online calendar of events that minimize bureaucratic problems when organizing events in libraries;

— electronic library cards, which allow you to save budget funds (saving more than 2 million tenge per year) with the function of informing about events held in the library through a smartphone application;

— the process of introducing RFID technologies has begun, allowing libraries to function around the clock.

The importance and effectiveness of RFID technologies are reflected in the following measures taken. In particular, the Zhubanov University Library until 2023, like about 100 university libraries in the country, kept a card index where the issuance and return of books was recorded. Since December last year, the process of automation of libraries located in 2 academic buildings of the university began. By optimizing the allocated funds, 2 library posts were installed in two buildings. Three reading rooms were equipped with new furniture.

After the introduction of the accounting station, according to the accounting program, in one month (not counting the winter holidays) there were more than 10,000 users in the library of the main building, and more than 2,000 in the history department. In the future, it is planned to organize comfortable spaces and special places for readers in the university libraries.

**Еркін Тастанқұлов**
**Zhubanov University кітапханасы директоры**

**Еркин Тастанкулов**
**Директор библиотеки Zhubanov University**

**Erkin Tastankulov**
**Director of the Zhubanov University Library**

## ☑ Main news

### ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ЖҰМЫСЫНА ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ

Zhubanov University Ғылыми Кеңесінің кезекті отырысына Ақтөбе өңіріндегі мекемелер мен ірі өндіріс орындарының өкілдері қатысты. Өңірде ғылымның қолданбалы әлеуетін арттыру, ғылым, өндіріс және жергілікті атқарушы орган арасындағы байланысты нығайту мақсатында өтетін бұл кездесу биыл екінші жыл өткізіліп отыр.

«Қазхром ТҰК» АҚ, «Ақтөберентген», «Қазақойл Актобе» ЖШС, «KEGOG» АҚ, «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «Aqtobe su-energy group» АҚ, Авиажөндеу зауыты секілді 40-тан астам компанияның бірінші басшылары мен орынбасарлары алдында университеттің 2023 жылғы ғылыми қызметі қорытындыланды.

«Бастысы — ғылыми жобаларымызбен және мемлекет басшысының тапсырмасымен (ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі) ғылымға көрсетіліп отырған қолдау шараларымен таныстырдық. Ғылыми жұмыс нәтижелерін коммерциаландыру бағытындағы жұмыстарды талқыладық.

Бұл Ғылыми Кеңестің тағы бір өзгешелігі, өңірге танымал «Рамазан» ЖШС, «Ramazan Qus», «Айс», «Жаңа Әлжан диірмен комбинаты» секілді тамақ және жеңіл өнеркәсіп иелерінің университетімізге алғаш рет келіп, ғалымдарымыздың ғылыми жобаларымен танысуы болды. Серіктестерімізге «Йогурт биотехнологиясында өсімдік компонентін қолдану» жобасын таныстырдық.



Осындай маңызды кездесуге қолдау көрсеткен Ақтөбе облысы әкімі Асхат Берлешұлы Шахаровқа алғысымыз зор», — деді Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова.

### В РАБОТЕ УЧЕНОГО СОВЕТА ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ ПРЕДСТАВИТЕЛИ ПРОИЗВОДСТВ

В очередном заседании Ученого совета Zhubanov University приняли участие представители учреждений и крупных производств Актюбинского региона. Это вторая подобная встреча, проводимая с целью повышения прикладного потенциала науки, укрепления связей между наукой, производством и местным исполнительным органом в регионе.

Перед первыми руководителями и заместителями более 40 компаний: АО «ТНК Казхром», ТОО «Актоберентген» ТОО «Казахойл Актобе», АО «KEGOG», АО «СНПС-Актобемунайгаз», АО «Aqtobe su-energy group», Авиаремонтный завод были подведены итоги научной деятельности университета за 2023 год.

«Участники Ученого совета были ознакомлены с нашими научными проектами и мерами поддержки, оказываемыми науке по поручению главы государства. Мы обсудили работу по коммерциализации результатов научной работы.

Еще одним отличием этого Ученого совета стало то, что известные в регионе владельцы пищевой и легкой промышленности, такие как ТОО «Рамазан», «RamazanQus», «Айс», «Ново-Альджанский мелькомбинат», впервые посетили наш университет и ознакомились с научными проектами ученых. Мы презентовали партнерам проект «Применение растительного компонента в биотехнологии йогурта».

Мы благодарны акиму Актюбинской области Асхату Берлешовичу Шахарову, который поддержал столь важную встречу», — сказала ректор Zhubanov University Лаура Карабасова.

### REPRESENTATIVES OF INDUSTRIES TOOK PART IN THE WORK OF THE ACADEMIC COUNCIL

Representatives of institutions and large industries of the Aktobe region took part in the next meeting of the Academic Council of Zhubanov University. This is the second such meeting, held with the aim of increasing the applied potential of science, strengthening ties between science, production and local executive bodies in the region.

In front of the first managers and deputies of more than 40 companies: «TNK Kazchrome» JSC, «Aktoberentgen» LLP, «Kazakhoil Aktobe» LLP, «KEGOG» JSC, «CNPS-Aktobemunaigas» JSC, «Aqtobe su-energy group» JSC, Aircraft Repair Plant were summed up results of the university’s scientific activities for 2023.

«Participants of the Scientific Council were familiarized with our scientific projects and support measures provided to science on behalf of the head of state. We discussed the work on commercializing the results of scientific work.

Another difference of this Academic Council was that well-known owners of the food and light industry in the region, such as «Ramazan» LLP, «RamazanQus», «Ice», «Novo-Aljan milling plant», visited our university for the first time and got acquainted with scientific projects scientists. We presented our partners with the project «Use of plant components in yogurt biotechnology».

We are grateful to Akim of the Aktobe region Askhat Berleshovich Shakharov, who supported such an important meeting», — said Zhubanov University Rector Laura Karabasova.

**Басты жаңалықтарды әзірлеген**
**Айерке Сұлтанбекова**

☑ Heriot-Watt University branch






# ПРОФЕССОРЫ HERIOT-WATT UNIVERSITY MALAYSIA ЧИТАЮТ ЛЕКЦИИ

**Профессора Малазийского филиала университета Heriot-Watt Яп Юэнкиат и Ли Вен Нам проводят лекции студентам филиала на базе Zhubanov University.**



Лекции иностранных ученых проходят по предметам физики и химии, с упором на личный научный опыт. Оба профессора являются активными учеными. К примеру, профессор физики Яп Юэнкиат проводит научные исследования в области медицинской и радиационной физики, лазера и фотоники, оптики, лазерной и плазменной физики.

«Рад познакомиться со студентами и профессорско-преподавательским составом филиала Heriot-Watt в Актобе. Высокое качество работы, проделанной в рамках партнерства, можно оценить по уровню знаний студентов. Я верю, что в дальнейшем мы будем вместе совершенствовать свои познания по физике и реализовывать совместные научные проекты», - отметил профессор Яп Юэнкиат.

Профессор Ли Вен Нам преподаёт химию в Малазийском филиале университета Heriot-Watt, параллельно проводит научные исследования в области аналитической химии. Ученый отметил особое стремление к знаниям и самосовершенствованию студентов филиала Heriot-Watt.

Стоит отметить, что британский университет Heriot-Watt имеет филиалы в Эдинбурге, Дубаи, Малайзии и Актобе. Посещение профессорами различных филиалов для преподавания и работы над научными проектами — привычный опыт. Так, в осеннем семестре Актюбинский филиал в Zhubanov University неоднократно посещали профессора из Эдинбургского и Малайзийского кампуса.

**Гульнара Караша**


Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

**Газет айына бір рет шығады**

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БжҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрайымы-ректор
Лаура Қарабасова

Бас редактор
Гүлнара Караша

Аудармашы
Айерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Нұрша Биданова

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы, Гришин көшесі, 7 «А» 337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: http://zhubanov.edu.kz

**Facebook:** ZhU oblystyq gazeti

Таралымы: 5000 дана

Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды